

Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімінің 2004 жылғы 6 мамырдағы N 3-1-1017қ қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 31 мамырда N 331 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 19 маусымдағы N 23-520қ қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 19 маусымдағы N 23-520қ қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 322 қаулысына сәйкес ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында Астана қаласының әкімдігі қаулы етеді:

1. Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) 1-қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын және Астана қаласы мәслихатының бекітуіне жіберілсін.

2. Комиссия туралы Ереже 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Құжаттарды қабылдау және әзірлеу, шетелдік жұмыс күшін тарту үшін тізімдерді растау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген шетелдік жұмыс күші бойынша мәліметтерді жинау және ұсыну жөніндегі жұмыс органы Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті болып анықталсын.

4. Әкімдіктің осы қаулысының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Толыбаевқа жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

*Астана қаласы Қаржы департаменті
бастығының міндетін атқарушы*

Әкім аппараты сараптау, әкімшілік
тәртіп және шешімдер шығару
бөлімінің меңгерушісі

Астана қаласы Экономика, сауда
және кәсіпкерлік департаментінің
директоры

Астана қаласы Еңбек, халықты
жұмыспен қамту және әлеуметтік
қорғау департаментінің бастығы
Келісілді

Астана қаласы Ішкі істер бас
басқармасы Көші-қон полициясы
басқармасының бастығы

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі Астана қаласы бойынша
департаментінің директоры

Астана қаласы бойынша
Көші-қон және демография
басқармасының бастығы

Астана қаласы әкімдігінің
2004 жылғы 6 мамырдағы
N 3-1-1017 қаулысына
1-қосымша

**Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі
комиссияның**

Құрамы <*>

Ескерту. Комиссия құрамы өзгертілді - Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 3-1-1826қ қаулысымен (Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 тамыздағы N 23-7-603қ қаулысымен)

Толыбаев - Астана қаласы әкімінің орынбасары,
Марат Еркінұлы комиссия төрағасы;

Демеува - Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен
Айгүл Сағадатқызы қамту және әлеуметтік қорғау
департаментінің бастығы,
комиссия төрағасының орынбасары;

Дмитриенко - Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен
Любовь Владимировна қамту және әлеуметтік қорғау

департаменті шетелдік жұмыс күшін тарту
бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы;

Комиссия мүшелері:

Криничная - Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен
Галина Степановна қамту және әлеуметтік қорғау
департаменті бастығының орынбасары;

Толымбек - Астана қаласы экономика, сауда және
Дамир Нұрғалиұлы кәсіпкерлік департаменті директорының
о р ы н б а с а р ы ;

Түсіпбаев Мұрат - Астана қаласы әкімінің кеңесшісі; <*>

Рысалдыұлы

Казанцев - Астана қаласы мәслихатының депутаты,
Павел Олегович Астана қаласы кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі
қауымдастықтың президенті (келісім
бойынша);

Сұлтанов - Астана қаласы Ішкі істер бас
Сиражиддин Базарбайұлы басқармасы Көші-қон полициясы
басқармасының бастығы (келісім бойынша);

Саржанова - Қазақстан Республикасы Еңбек және
Зарлық Есмұханқызы халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Астана қаласы бойынша департаментінің
еңбек туралы заңдылықтарын сақталуын
бақылау бөлімінің бастығы (келісім
бойынша);

Ербекеева - Астана қаласы бойынша Көші-қон және
Майя Әбдірахымқызы демография басқармасының бас маманы
(келісім бойынша).

Келісілді Астана қаласы әкімдігінің
Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 мамырдағы
Еңбек және халықты әлеуметтік N 3-1-1017 қаулысына
қорғау вице-министрі 2-қосымша

2004 жылғы 7 мамыр

**Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі
к о м и с с и я т у р а л ы**

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға жұмыс берушілерге рұқсат беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) мәртебесін, құру және жұмыс істеу тәртібін белгілейді.

2. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Жарлығын, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 322 қаулысын (бұдан әрі - Қаулы) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

3. Комиссияның жұмыс органы Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті (бұдан әрі - Департамент) болып табылады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен қызметтері

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алуға (бұдан әрі - рұқсат) жұмыс берушілердің құжаттарын қарастыру;

2) хаттамамен рәсімделетін рұқсат беру (бермеу туралы) туралы шешімдерді шығару болып табылады.

5. Комиссия негізгі міндеттерді іске асыру мақсатында мына қызметтерді атқарады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға жұмыс берушілердің құжаттарын зерделейді;

2) біліксіз шетелдік жұмыс күшін әкелуге жол бермеу мақсатында еңбек рыногының жағдайын алдын-ала зерделеуді жүзеге асырады;

3) жұмыс берушілердің ай сайынғы есеп беруі арқылы рұқсат берудің ерекше шарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда рұқсатты тоқтатуға және қайтарып алуға құжаттарды дайындайды.

3. Комиссияның құқығы

6. Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүктелген міндеттерді іске асыру және өз қызметтерін жүзеге асыру үшін құқығы бар:

1) жұмыс берушіден шетелдік мамандарды тарту негіздемесін, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін әкелу орындылығын анықтау үшін қажетті, өзге де қосымша мәліметтерді (ақпараттар, құжаттар) сұрастыруға;

2) Комиссия отырысында жұмыс берушілерді мына жағдайларда тыңдауға, егер:

- шетелдік жұмыс күшін әкелуге қосымша негіздеме қажет болғанда;
лицензиат рұқсат берудің ерекше шарттарын орындамағанда;
лицензиат Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанда;
3) мына жағдайларда рұқсат беруден бас тартуды ұсынуға:
Қаулыда қарастырылған құжаттар толық және тиесілі рәсімделмегенде;
бұрын берілген рұқсаттардың ерекше шарттары орындалмағанда;
бөлінген квотадан асып кетсе;
4) рұқсаттың қолданылуын үш айға дейінгі мерзімге тоқтатуға немесе міндетті түрде себебін көрсетіп, рұқсатты қайтаруды ұсынуға;
5) жұмыс берушінің келісімімен Қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесі жұмыс берушілерге рұқсат берудің шарттары мен тәртібінің (бұдан әрі - Ереже) 13-тармағында көзделген ерекше шарттардың кез келгенін орындауды міндеттеуге рұқсат беру кезінде ұсынуға;
6) Комиссия отырысына қарастыру үшін ұсынылған құжаттар пакетімен қоса қолданыстағы Ереженің талаптарына сәйкес аймаққа шетелдік жұмыс күшін тарту орындылығы туралы қорытындыны Департаменттен сұрауға.

7. Жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін республиканың бірнеше аумақтарында пайдаланған жағдайда, жұмыс берушінің тұрғылықты жеріндегі Астана қаласының әкімдігі халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын үйлестіруші орталық атқарушы органның келісімі бойынша республиканың екі және одан да көп облыстарда еңбек қызметін жүзеге асыру үшін рұқсат беруге құқылы.

4. Комиссия отырысын құру және өткізу тәртібі

8. Комиссия Астана қаласы әкімдігімен құрылады.

Комиссияның дербес құрамы оның төрағасы төраға орынбасары және хатшысы Астана қаласы әкімдігінің ұсынысы бойынша қалалық мәслихатпен бекітіледі.

Комиссияның құрамына келісім бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарының өкілдері енгізіледі.

9. Комиссия отырысын Комиссияның төрағасы, ол болмағанда - төрағаның орынбасары өткізеді.

10. Комиссия отырысы тұрақты апта сайын өткізіледі (рұқсат беруге өтініштердің болуына байланысты). Комиссия хатшысы төрағаның (төраға орынбасарының) келісімімен Комиссия мүшелерін Комиссия отырысының өткізу күні мен уақыты, жұмыс берушілердің ұсынған құжаттары жөнінде хабардар етеді.

11. Рұқсат беру (бермеу) туралы шешім шығару үшін Комиссия хатшысы жұмыс берушілердің құжаттарын Комиссия отырысына ұсынады.

12. Комиссия отырысына басқа да қалалық құрылымдардың мамандары, сондай-ақ өтініш берушілердің өкілдері мен сарапшылар шақырылуы мүмкін. Шетелдік жұмыс күшін тарту мәселелері жөнінде тұжырымдама немесе негіздеме қажет болған жағдайда басқа да республикалық құрылымдардың мамандары тартылуы мүмкін.

13. Комиссия үштен екісі кем емес мүшелерінің қатысуымен ашық дауыс беру жолымен шешім қабылдайды.

14. Комиссияның қатысқан мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берген жағдайда шешім қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

15. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді. Хаттаманы Комиссия хатшысы, ол болмаған жағдайда - Комиссия мүшелерінің арасындағы кіші лауазымды атқарушы жүргізеді. Комиссия мүшелері Комиссия отырысы өткізілген күні хаттамаға қол қояды.

16. Комиссия мүшелерімен қол қойылған хаттама қала әкімдігінің рұқсат беру (бермеу) туралы қаулысын дайындау үшін Департаментке бір күн мерзімде жіберіледі.

17. Комиссияның ұсынысы бойынша жұмыс берушіге рұқсат беруден бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Департамент осы жайында жұмыс берушіні хабардар етеді.

18. Комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқығы бар және пікір білдірген жағдайда оны жазбаша түрде мазмұндап, хаттамаға тіркеуі тиіс.

19. Комиссия мүшелері рұқсат беру (бермеу) туралы қабылдаған шешімге жауапты.